

Ақсу өңірі

Газет 1934 жылғы
1 қазаннан шығады

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№8 (10 263)

28 ақпан

жұма

2025 жыл

aksuoniri@mail.ru

ТАЛДЫҚОРҒАНДА ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАҒЫ 102 ОТБАСЫ ҮЙЛІ БОЛДЫ



Бүгін Жетісу облысында халықтың әлеуметтік осал топтары санатынан 30 отбасы жаңа үйлі болды. Талдықорған қаласындағы «Жастар - 3» жаңа тұрғын ауданынан берілген үйлердің кілтін облыс әкімі Бейбіт Исабаев табыстады. Жалпы жыл басынан бері облыс орталығында кезектегі 102 отбасы жаңа баспанаға кірді. Атап айтқанда, «Береке» коттедж қалашығының, «Жастар-3» тұрғын алабында әлеуметтік осал топ санатындағы азаматтар мен көп балалы отбасылар үйлі болды, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Кілт беру салтанатына қатысқан облыс әкімі Бейбіт Исабаев жаңа қоныс иелерін қуаныштарымен құттықтап, баспанамен қамту бағытында өңірде атқарылып жатқан шараларға тоқталды:

- Мемлекеттің қолдауымен қабылданып жатқан шаралардың арқасында Талдықорғанда биыл жыл басынан бері әлеуметтік осал топтар санатымен кезекте тұрған 102 көпбалалы отбасы үйлі болды. Солардың қатарда бүгін сіздер де өз үйлеріңіздің кілтін алып отырсыздар. Дәл осы жаңа тұрғын алабында 56 үй салынды, биыл біз 150 үй салуды жоспарлап отырмыз.

Жалпы мұнда 700-ден астам үй болады. Жол жасалады, құжаттар дайын. Сондай-ақ, биыл газдандыру жұмыстарын бастаймыз. Осылайша бұл аудан алдағы уақытта қаланың үлкен әрі әдемі заманауи шағын аудандарының бірі болады. Содан кейін біз мұнда әлеуметтік нысандарды салу мәселесін қарастыра бастаймыз. Жалпы өткен жылы Талдықорғанда тұрғын үй кезегі 8,3%-ға азайды, осы жылы тағы 1400-ден астам отбасына тұрғын үй беріледі деп жоспарлап отырмыз. Сөйтіп, 2023-2025 жылдары облыс орталығында кезекте тұрған 5 мыңға жуық адам тұрғын үймен қамтамасыз етіледі, - деген Б.Исабаев «Жастар-3» тұрғын алабындағы үйлердің кілттерін тапсыру рәсімін атқарды.

Еске салсақ, осыдан 10 күн бұрын осы шағын ауданда алғашқы 23 отбасы жаңа қонысқа кірген болатын. Жалпы бүгінгі жаңа қоныс иелерінің арасында толық емес отбасылар, мүгедек балаларды асырап отырған отбасылар, көмелетке толғанға дейін жетім қалған және ата - анасының қамқорлығынсыз қалғандар, мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасылар, I және II топтағы мүгедектер, зейнеткерлер бар.

Тұрғын үй кілтін алғандардың қатарындағы Шабельский отбасы

қуанышын бөлісті. Жас отағасы Святослав Алексеевич:

- Қазір 25 жасқа келдім. 2011 жылдан бастап тұрғын үйге кезегінде тұрамын. Мен кішкентайымнан әжемнің қолында өстім. Осы кезге дейін әйел, бала - шағаммен бірге әжемнің үйінде бірге тұрдық. Әрине, өз үйіміз болса деп армандадық, әсіресе, екі қызым өз бөлмеіміз болса дейтін. Енді, міне, үйімізге қол жеткіздік, қуанышымызда шек жоқ, - деді.

Қаланың тағы бір тұрғыны Жанар Әбділманова да жаңа қоныстың қуанышына кенелді. Ол «толық емес отбасы» санатында тұрғын үйге кезегінде 13 жыл тұрған.

- Бүгін біздің әулетімізде үлкен мереке. Жалдамалы пәтерде көшіп жүретін уақытымыз енді артта қалды. Балаларымның жайлы, әдемі, кең үйде еркін өсетініне қуанып отырмын, - дейді ол.

Талдықорғандық Дана Демидова да өз жайынан қысқаша баяндап берді:

- Менің екі балам бар, кіші ұлым 16 жаста. Ауыр жол апатының салдарынан күйеуім мерт болды, денсаулығым нашарлап, өзім мүгедектік алдым. Бүгін отбасымыз үлкен қуанышқа кенеліп, қоныстойын тойлап жатырмыз. Біз бұл күнді 14 жыл күттік. Бүгінгі қуаныш иелерін шын жүректен құттықтаймын, - деді денсаулық сақтау саласында фельдшер болып 25 жылдай жұмыс істеген Д.Демидова.

Атап өтсек, әр үйдің жалпы ауданы 76 шаршы метр. Мұнда үш тұрғын бөлме, ас үй мен жуынатын бөлме бар. Үй электр қазандығы арқылы жылытылады, ал газ қазандықтары табиғи газ жеткізілгеннен кейін іске қосылады. Өңір басшысының айтуынша, жыл соңына дейін тұрғын үй алабына газ тарту жоспарда бар.

Жалпы өткен жылы облыста 371,9 мың шаршы метр тұрғын үй тапсырылса, биыл тағы 380 мың шаршы метр тұрғын үй беру жоспарлануда.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Жетісуда жұмысшы мамандарын тәжірибеден өткізетін орталық салынады

Президенттің биылғы жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялауына байланысты Талдықорған қаласында жұмысшы мамандарды тәжірибеден өткізетін орталық салу жоспарланып отыр. Нысанның құрылысы биыл басталып, келесі жылы бітеді. Орталықтың практикалық сабақтары жаңа технология негізінде оқытылады. Бұл туралы облыс әкімі Бейбіт Исабаев журналистерге берген сұхбатында айтты, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық білім басқармасының мәліметі бойынша, өңірдегі 9 колледжде 14 жаңа мамандық ашылған. Бұл ретте заман талабына сай дәнекерлеуші, механик, балық зауытының технологу, аккумулятор зауытының технологу, дронды ұшыра алатын, цифрлық технологияны іске қосатын ма-

мандар даярлауға баса назар аударылып отыр. Кербұлақ ауданында жаңадан ашылып жатқан өндіріс ошақтарының бірі тау-кен металлургия комбинаты өздеріне керекті мамандарды дайындайтын техникалық колледж ашу жұмыстарын жүргізуде.

Еске салсақ, өңірде «Жаңа мамандықтар атласы» бекітілген болатын. Онда еңбек нарығы мен өңірдің экономикасын дамыту талаптары ескеріле отырып, 5 негізгі бағытқа - ауылшаруашылығы, өңдеу өнеркәсібі, туризм индустриясы, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, энергетика және жаңартылатын энергия көздері салаларына бағдарланған.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ

Жетісуда зауыттарға өткізілген қант қызылшасына берілетін субсидия толық төленді



Жетісу облысында Ақсу және Көксу қант зауыттарына өткізілген таза салмағы 560 мың тонна қант қызылшасына 14 млрд. теңге субсидия толық көлемде төленді, - деп хабарлайды Жетісу облысы әкімінің баспасөз қызметі.

Облыстық ауылшаруашылығы басқармасының мәліметіне қарағанда, қант қызылшасы бойынша субсидиялауға 679 өтінім түскен. Соған сәйкес шаруаларға субсидия толық көлемде төленді. Сондай-ақ, Ақсу және Көксу қант зауыттары қабылдаған қант қызылшасы үшін шаруа қожалықтарына 8,4 млрд. теңге төледі.

- Біз Ақсу, Көксу зауыттарына қант қызылшасын өткізгенбіз. Бүгінгі күні екі зауыт та шаруашылықтарымызбен тиесілі есеп айырысып болды. Қазіргі кезде басым дақылдарға берілетін субсидияны алдық, соның арқасында көктемгі дала жұмыстарына дайындығымыз қызу жүріп жатыр. Жалпы көктемгі егіске қажетті техникаларды жөндеу жұмыстарын осыдан бір ай бұрын бастағанбыз. Қазір

егістік алқаптарға керекті тұқымға тапсырыс беріп қойдық. Біз жайын қант қызылшасын кем дегенде 100 гектар жерге себеміз. Биыл да қант қызылшасын, жүгері, майбұршақ сияқты бірқатар дақыл егуді жоспарлап отырмыз. Көктемгі дала жұмыстарына жеңілдік бағамен берілетін жанар-жағармай алатын қаржымыз да дайын, - дейді Көксу ауданындағы «Кең дала» шаруа қожалығының басшысы Қалибек Алпысбаев.

Еске салсақ, өткен жылы Жетісу облысында қант қызылшасының егіс алқаптары 13,7 мың гектар болды. Одан жалпы 635,0 мың тонна өнім алынды, орташа өнімділігі гектарына 465,0 центнерден айналды. Алынған өнімнің 5 мың тоннасы мал азығына бағытталса, 630 мың тоннасы зауыттарға өткізілді, оның 560 мың тоннасы таза салмақты құрады.

ЖЕТІСУ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

Фотосуреттер облыс әкімі баспасөз қызметінің архивінен алынды.

I наурыздан бастап "ИГІ ІСТЕР МАРАФОНЫ" жобасы жалғасын табады

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі «Ұлттық волонтерлік желі» ЗТБ-мен бірлесіп, 1 наурыздан бастап «Игі істер марафоны» жобасының іске қосылатынын хабарлайды. Бұл бастама барлық қазақстандықтардың волонтерлік, қайырымдылық іспен айналысуына бағытталған.

Жоба аясында арнайы қайырымдылық күнтізбесі әзірленіп, тақырыптық іс-шараларды өткізу жоспарланған. Бұл әлеуметтік жауапкершіліктің түрлі саласына қызығушылық арттыра отырып, әлеуметтік жауапкершілікті дамытуға ықпал етеді.

Іс-шара қорытындысы бойынша «Жүректен жүрекке», «Қоғам игілігі үшін», «Салауатты қоғам», «Жақсылықтың жаршысы», «Инклюзивті келешек», «Табиғат қорғаушысы», «Жануарлар жана-шыры» атты негізгі номинациялар бойынша және «Ең мейірімді аймақ», «Ең мейірімді ауыл», «Ең мейірімді ұжым», «Ең мейірімді жоғары оқу орны», «Ең мейірімді мектеп», «Ең белсенді медиа» атты

арнайы номинациялар бойынша жеңімпаздар анықталып, марапатталатын болады.

Айта кетейік, өткен жылы аталмыш жобаға 50 мыңға жуық адам қатысып, 7 мыңнан астам игі іс жасалған.

Марафонға қатысу үшін әлеуметтік желілерде жасаған игі іс жайлы ақпарат жариялап, Qazvolunteer.kz онлайн платформасында тіркеуден өту қажет.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілерде ақпаратты #ИгіІстерМарафоны2025 #МарафонДобрыхДел2025 #MarathonOfGoodDeeds2025 хэштегтерімен жариялау қажет.

Қатысу үшін толық ақпарат пен нұсқаулықты Qazvolunteer.kz сайтынан алуға болады және әлеуметтік желідегі @kz_nvs және @qazvolunteer.kz парақшаларынан таба аласыздар.

ҚР МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ



БАСПАСӨЗ - 2025

АҚСУ ӨНІРІ
ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ
2025 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық «ҚАЗПОШТА» байланыс бөлімшелеріне барып жазылыңыздар.

«АҚСУ ӨНІРІ» газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4415 теңге, 20 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 60 тиын.

Газет индексі: 66750

ТАЗАЛЫҚ – денсаулық негізі



Ауыл - ортақ үйіміз. Сондықтан оның көркейіп, гүлденуіне әрбір тұрғын бей - жай қарамай, қоқыс - қалдықтарды кез - келген жерге тастамай, таза ұстауға атсалысуы қажет. Өйткені, ортақ үйіміздің көркеюі өз ауламызды таза ұстаудан басталатыны белгілі.

Көктемнің алғашқы айы басталды. Қар кетіп, жер ашылды. Енді көктемгі санитарлық - тазалық айлығы басталады. Алдымызда мерекелер көп. Сол ортақ мерекемізді таза ауылда жақсы көңіл - күймен қарсы алу барлығымыздың міндетіміз. 1 наурыз - Алғы айту күнінен бастап, оның арғы жағында 8 наурыз - Халықаралық Әйелдер күні, оның ар жағында Ұлыстың ұлы күні - Наурыз мерекеміз келе жатыр.

Биылғы тазалық айлығы осы наурыз айынан басталмақшы. Еліміздің тазалығына мемлекет басшысы Қасым - Жомарт Тоқаев та басты назар аударған. Сондықтан "Таза Қазақстан" бағдарламасын алдымызға қойды. Осы бағдарлама аясында барлығымыз бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, ауылымызды бірге тазалауымыз керек. Ол үшін әркім өз ауласынан бастағаны абзал.

Ақсу ауданының Ардагерлер кеңесінің төрағасы ретінде, осы Жансүгір ауылының жанаушы қарияларының бірі ретінде «Үлкен бастар, кіші қолдар», - деген ниетпен осы бастаманы жерлестеріме Үндеу ретінде арнаймын.

«Тазалық – денсаулық негізі, Саулық – байлық негізі» - деген даналар қалдырған салмақты сөздерді санамызға ұялатқанымыз жөн. Өйткені, ауылына қарап азаматын тануға болатынын ұмытпайық.

Ендеше, барша ақсулықтарды, ауылдастарымды тазалық айына қатысуға шақырамын. Сенбіліктерден қалмайық.

Амангелді АЙТБАЕВ,
аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы.

ҚАСИЕТТІ РАМАЗАН АЙЫ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Баршаңызды мұбарак Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын.

Рамазан - он екі айдың сұлтаны, берекелі де кешірімі мол ай. Бұл айдың басты ерекшелігі Алла Тағала исламның бес парызының бірі болған орананы осы айда ұстауды парыз етті. Екіншіден адамзат баласын тура жолға бағыттайтын, ақиқат пен жалғанды, сауап пен күне арасындағы парықты айқындап беретін қасиетті Құран осы айда түсірілді. Сондықтан бұл айда оқылған Құран аяттарының сауабы, атқарған ізгі іс-амалдардың сауабы өзге айларға қарағанда еселеп артады. Құдси хадисте Алла Тағала былай дейді: «Ораза тек Мен үшін. Оның сыйын (сауабын)»

Өзім ғана беремін. Өйткені, пенде Мен үшін шақуат қалауы мен ішіп-жеуден бас тартты». Үшіншіден мың айдан да қайырлы Қадір түнінің осы айда орын алуы да Жаратушының пендесіне тартуы.

Рамазан айында ораза ұстау - мұсылман адамның мойнындағы бес парыздың бірі. Қасиетті Құранда: «Ей, иман келтіргендер! Сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей тақуалыққа жетулерің үшін ораза ұстау сендерге де парыз етілді» («Бақара» сүресі, 183-аят) - деп бұйрылған. Әрине бұрынғы өткен пайғамбарлардың үмбеттері де өз кезегінде ораза ұстап өткен. Хадис-шарифте: «Ислам бес тірекке негізделген: Алладан басқа ешбір құдай жоқтығына және Мұхаммед Оның елшісі екеніне куәлік беру,

намаз оқу, зекет беру, қажылық және рамазанда ораза тұту», - деп ораза ұстау исламның шартынан екендігін білдірсе, мына хадисте: «Кімде-кім шын көңілмен иланып, кәміл иманмен, сауабын Алла Тағаладан күтіп, Рамазан оразасын ұстайтын болса, оның өткен күнелері кешіріледі», дей келе оразаның ұлық ғибадат екендігін сүйіншілейді. Демек, пенделікпен істеген кемшілік - қателіктерге өкініп, тәубаға келіп, сауабын Алла Тағаладан үміт ете ораза ұстау - барша жамандықтарға кешірім болары шүбәсіз. Күнәсіз адам болмайтындығын ескерсек, ораза айы сол өткен күнелердің кешірілуіне себеп болмақ, бауырлар!

Ораза ұстаған кісіге берілетін сауапты тілмен айтып жеткізу де, сипаттау да мүмкін емес. Рамазан айы тек оразаның сауабына кенелетін емес, күнелердің де кешірілетін кешірім айы. Жаратқан Алла ораза ұстағандарды көз көрмеген, құлақ естімеген және адамзат қиялы жетпейтін жақсылығымен марапаттайды.

Адам пенделікпен өзге құлшылықты көрер көзге, атақ, абырой үшін жасауы мүмкін. Алайда оразаны көрер көзге, риялықпен тұта алмайды. Оразаны Аллага шын сенген мұсылман ғана ұстайды.

Алайда, ораза тек таңның атысынан күннің батысына дейін нәр татпау ғана емес. Ораза - рухтың азығы, тәтті шипасы. Ол денсаулықты сауықтыру арқылы тәтті рухани тазартады. Ардақты Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Ораза ұстандар, денсаулықтарың жақсы болады», - деп тектен тек айтпаған. Ораза - мұсылман үшін үлкен сабыр мектебі. Ауыз бекітулі жан әдеп білмес пенделердің өзіне жасаған кейбір оғаш іс-әрекеттерін көріп, тұрпайы сөздерін естісе де: «Мен оразамын» деген бір ауыз сөзбен нәпсісіне тоқтау салып, сабырға келеді. Ал, сабырлықтың сыйы - жәннат.

Рамазан айында құлшылығын арттырған мұсылманның әрбір жасаған іс-әрекеттеріне еселеп сауап жазылып, ризық-несібесі артады. Кімде-кім ораза ұстағанға ауыз аштырса, оның күнелері кешіріліп, ораза ұстағанның сауабындай сауап алады, одан ораза ұстаушының сауабы кемімейді. Бірде сахабалар ардақты Елшіге (с.ғ.с.) келіп: «Уа,

Алланың Елшісі! Біздің әрбіріміздің ораза ұстағанды тамақтандыруға шамамыз жете бермейді» - дегенде Алла Елшісі (с.ғ.с.): «Алла Тағала ең болмаса бір түйір құрма, тіпті бір ұрттам сумен болса да қамқорлық жасағанға сауабын береді ...» - деген.

Сондықтан кедей-ғаріптерді бір күн болса да тойындырып, қараусыз қалған мүсәпірлердің жанынан табылсақ, Алла Тағаланың шексіз рақымына бөлenerіміз хақ.

Осы тұста, еліміздегі барша кәсіпкер азаматтарды осындай ұлық Рамазан айында берілетін мол сауап үшін өзгеге қол ұшын созып, қайырымдылық жасауға, игі іс-шараларды мейлінше көбірек атқаруға шақырамын. Жұртымыз қасиетті айда Алла Тағаланың ашуы мен қаһарын тудыруға себепші арақ-шараптан, шаригатымыз тиым салған басқа да харам іс-әрекеттерден аулақ болса деген тілегім бар. Мейрамханалар мен жиын-тойларда ішкіліктің ешбір түрі ішілмесе, дүкендерде сатылмаса.

Құрметті әлеумет!
Баршаңызға тауфиқты ғұмыр тілеймін. Ниеттеріңіз қабыл, мұраттарыңыз асыл болсын! Жүздеріңізге нұр, жүректіңізге иман шуағы ұялай бергей! Жұртымыз тыныш, Отанымыз аман, тәуелсіз еліміздің мәртебесі асқақтап, ынтымағымыз жарасып, Алла Тағаланың құт-берекесі дари бергей!

Анарбай МӨНБЕТОВ,
аудандық орталық мешітінің Бас имамы.

127,6 тыс. га неиспользуемых земель возвращено в области Жетісу



127,6 тыс. га неиспользуемых земель возвращено в области Жетісу. Источник фото: eldala.kz.

Современные цифровые технологии играют ключевую роль в управлении сельскохозяйственными землями. В области Жетісу активно работает геоинформационный портал, обеспечивающий прозрачность распределения угодий, а также автоматизацию государственных услуг. Наличие полной и актуальной информации предоставляет гражданам возможность получения открытого доступа к земельной, градостроительной и иной информации, а также получения государственных услуг в электронном формате, передает корреспондент Vestnik19.kz.

Это также инструмент для государственных органов для землеустроительного, градостроительного планирования, принятия управленческих решений и, конечно же, качественного оказания государственных услуг в максимально короткие сроки. Он не только позволяет гражданам получать доступ к информации о землях, но и снижает риски коррупции.

Благодаря цифровизации каждый гектар находится на особом контроле. Так, в области на сегодняшний день пашни занимают 533,4 тыс. га, из которых 262,2 тыс. га приходится на орошаемые земли. Сенокосы составляют 126,4 тыс. га, а пастбища – 3,9 млн га. Однако, несмотря на значительный земельный ресурс, его использование далеко от идеального.

В 2024 году государству было возвращено 127,6 тыс. га неиспользуемых земель. Наибольший объем пришелся на Алакольский (43,7 тыс. га) и Каратальский районы (18,5 тыс. га). В то же время 113,5 тыс. га были распределены через конкурс, включая 36 тыс. га из числа ранее возвращенных. В 2025 году планируется вернуть еще 90 тыс. га, что говорит о системном подходе к решению проблемы нецелевого использования земли. Среди основных проблем землепользования сегодня остается дефицит пастбищ, который наиболее остро ощущается в Панфиловском (133,4 тыс. га), Алакольском (112,2 тыс. га) и Ескельдинском (99,2 тыс. га) районах. За прошлый год управлением земельных отношений области Жетісу организовано 238 проверок на площади 85,2 тыс. га. Выдано 205 предписаний об устранении нарушений.

Также в регионе действует программа восстановления плодородия. В ее рамках разработана региональная Дорожная карта, предполагающая ведение системной и постоянной работы по улучшению качества почвы. Еще одной важной задачей стало увеличение площадей посевных. Для этого в каждом районе разработаны проекты для улучшения ирригационных сетей.

Такой комплексный подход позволяет повысить эффективность использования земель сельскохозяйственного назначения.

Жанар МЫКТЫБАЕВА.



| ЖАНСҮГІРОВ | | | | | | | | |
|-------------|--------------|-----------|-----------------------------|--------------|-------|--------|-------------------------|--------|
| РАМАЗАН АЙЫ | АПТА КҮНДЕРІ | НАУРЫЗ | ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты) | КҮННІҢ ШЫҒУЫ | БЕСІН | ЕКІНТІ | АҚШАМ (ауызашар уақыты) | ҚҰПТАН |
| 1 | Сенбі | 1 Наурыз | 05:00 | 06:17 | 11:57 | 15:45 | 17:32 | 18:50 |
| 2 | Жексенбі | 2 Наурыз | 04:58 | 06:16 | 11:57 | 15:46 | 17:33 | 18:51 |
| 3 | Дүйсенбі | 3 Наурыз | 04:56 | 06:14 | 11:57 | 15:47 | 17:35 | 18:53 |
| 4 | Сейсенбі | 4 Наурыз | 04:54 | 06:12 | 11:57 | 15:48 | 17:36 | 18:54 |
| 5 | Сәрсенбі | 5 Наурыз | 04:52 | 06:10 | 11:56 | 15:49 | 17:37 | 18:55 |
| 6 | Бейсенбі | 6 Наурыз | 04:51 | 06:08 | 11:56 | 15:51 | 17:39 | 18:57 |
| 7 | Жума | 7 Наурыз | 04:49 | 06:07 | 11:56 | 15:52 | 17:40 | 18:58 |
| 8 | Сенбі | 8 Наурыз | 04:47 | 06:05 | 11:56 | 15:53 | 17:41 | 18:59 |
| 9 | Жексенбі | 9 Наурыз | 04:45 | 06:03 | 11:55 | 15:54 | 17:43 | 19:01 |
| 10 | Дүйсенбі | 10 Наурыз | 04:43 | 06:01 | 11:55 | 15:55 | 17:44 | 19:02 |
| 11 | Сейсенбі | 11 Наурыз | 04:41 | 05:59 | 11:55 | 15:56 | 17:45 | 19:04 |
| 12 | Сәрсенбі | 12 Наурыз | 04:39 | 05:57 | 11:55 | 15:57 | 17:47 | 19:05 |
| 13 | Бейсенбі | 13 Наурыз | 04:37 | 05:56 | 11:54 | 15:58 | 17:48 | 19:06 |
| 14 | Жума | 14 Наурыз | 04:36 | 05:54 | 11:54 | 16:00 | 17:49 | 19:08 |
| 15 | Сенбі | 15 Наурыз | 04:34 | 05:52 | 11:54 | 16:01 | 17:51 | 19:09 |
| 16 | Жексенбі | 16 Наурыз | 04:32 | 05:50 | 11:54 | 16:02 | 17:52 | 19:10 |
| 17 | Дүйсенбі | 17 Наурыз | 04:30 | 05:48 | 11:53 | 16:03 | 17:53 | 19:12 |
| 18 | Сейсенбі | 18 Наурыз | 04:28 | 05:46 | 11:53 | 16:04 | 17:55 | 19:13 |
| 19 | Сәрсенбі | 19 Наурыз | 04:26 | 05:44 | 11:53 | 16:05 | 17:56 | 19:15 |
| 20 | Бейсенбі | 20 Наурыз | 04:24 | 05:42 | 11:52 | 16:06 | 17:57 | 19:16 |
| 21 | Жума | 21 Наурыз | 04:22 | 05:40 | 11:52 | 16:07 | 17:59 | 19:18 |
| 22 | Сенбі | 22 Наурыз | 04:20 | 05:39 | 11:52 | 16:08 | 18:00 | 19:19 |
| 23 | Жексенбі | 23 Наурыз | 04:18 | 05:37 | 11:52 | 16:09 | 18:01 | 19:20 |
| 24 | Дүйсенбі | 24 Наурыз | 04:16 | 05:35 | 11:51 | 16:10 | 18:03 | 19:22 |
| 25 | Сейсенбі | 25 Наурыз | 04:13 | 05:33 | 11:51 | 16:11 | 18:04 | 19:23 |
| 26 | Сәрсенбі | 26 Наурыз | 04:11 | 05:31 | 11:51 | 16:12 | 18:05 | 19:25 |
| 27 | Бейсенбі | 27 Наурыз | 04:09 | 05:29 | 11:50 | 16:13 | 18:06 | 19:26 |
| 28 | Жума | 28 Наурыз | 04:07 | 05:27 | 11:50 | 16:14 | 18:08 | 19:28 |
| 29 | Сенбі | 29 Наурыз | 04:05 | 05:25 | 11:50 | 16:15 | 18:09 | 19:29 |

ЕСКЕРТУ:

Оразаға ниет: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.

Ауызашар дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым.

Уа, кешірімді Алла! Менің бұрынғы және кейінгі күнеларымды кешір!

Сақтық үшін сәресін **10 минут** ерте жабу. Пітір садақасы жан басына - **655** теңге.

Пітір садақа және садақаны Kaspi.kz, Halyk Homebank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Astana – Plat, Bereke Bank мобильді қосымшалары және Қазпошта арқылы аударуға болады.

Қадір түні – наурыз айының 26 – нан 27 – не қараған күні.

Ораза айт – 30 наурыз.

Рамазан кестесін **MuftyatBot**-леграм ботынан жүктеп алыңыз.

Call орталық 24/7 +7 (707)233 30 30.

1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ!

МЕРЕКЕНІҢ МӘНІ - АЛҒЫС АЙТУ



Республика тағдырын біздер, қазақстандықтар өз қолымызға алдық! Сөйтіп, бүгінде бүкіл әлем құрметтейтін мемлекет құрдық. Біз оны өзіміздің бақытымыз үшін және бүгінгі, сондай-ақ, келешек ұрпақтың игілігі үшін жүзеге асырдық. Біз өзіміздің қиын тарихымыздан сабақ алуға тиіспіз. Ол этносаралық қатынастар тарихы сияқты маңызды мәселеге де қатысты. Оны мектепте объективті және еш әсірелеместен оқыту қажет. Біздің жастарымыз оны езінің бес саусағындай білуі тиіс,-деген еліміздің Тұңғыш Президенті Н.Назарбаев. Иә, тарихқа сүйенсек, өткен бүкіл XX ғасыр бойына Қазақстан аумағына көпестесті халықтың қалыптасуының күрделі үдерісі жүрді. Ғасырдың ең басында столыпіндік реформа кезеңіндегі шаруалардың қоныс аударуы барысында Қазақстанға Ресейден, Украина мен Белорустан 1 миллион 150 мың адам келді. Жырма шақты жылдан соң, 30-шы жылдарғы ұжымдастыру кезінде бұрынғы КСРО-ның орталық аудандарынан Қазақстанға 250 мың мүліктері төркіленген шаруалар келді. Дәл сол уақыттарда өнеркәсіп нысандарын салуға елдің барлық түкпірлерінен шамамен 1,2 миллион адам қоныс аударды. Сталиндік

режим кезіндегі әр жылдарда бүтіндей бір халықтар – 800 мыңға жуық немістер, 102 мың поляктар, 550 мың Солтүстік Кавказ халықтарының өкілдері, 18,5 мың Қиыр Шығыстағы корей отбасылары қоныс аударды. Оларды вагондардан ашық далаға әкеліп түсірді. Ол кезде мұнда тек қазақтар ғана тұратын. Сондықтан қабылдаған да солар болды. Сөйтіп, өздері мұқтаждықта өмір сүріп жатқан қазақ отбасылары оларды өздерінің саман үйлерінде қабылдады. Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған күн – 1 наурызды жыл сайын барлық этностардың бір - біріне мейірбандық танытып, ол адамдарды өз туғанындай қабылдаған қазақтарға алғыс айту күні ретінде атап өту әділетті болар еді. Ол күн бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір - біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі бола алар еді. Сталиндік қуғын - сүргін жылдарында Қазақстанда АЛЖИР, КарЛАГ, Степ-ЛАГ, ДальЛАГ, ПесчанЛАГ, Ка-мышЛАГ, ЖезказганЛАГ, Ақтөбе, Петропавл, Кеңгір және Өскемен лагерлері сияқты жүз мыңдаған тұтқындар қамалған 11 арнаулы лагерь құрылды. Бірақ босағаннан кейін олардың барлығы бірдей кетіп

қалған жоқ. Оның сыртында соғыс кезінде Қазақстан 350 мың эвакуацияланған халықты қабылдады. 50-ші жылдары тың игеруге тағы да 1,5 миллион адам келді. Түрлі жабық әскери нысандар шамамен 150 мың маман мен олардың отбасыларын қабылдады. Бүгіндей алғанда XX ғасырдың басынан Қазақстанға 5,6 миллион адам қоныс аударды. Ол кезде жергілікті халық шамамен 6 миллиондай адам болатын. Бұларды тарихты білмейтіндер мен Қазақстан қашаннан осындай көпұлтты болған деп санайтындар үшін айтып отырмыз. Екінші жағынан, сталиндік қылмыстық ұжымдастыру салдарынан 1,5 миллион қазақ аштықтан қырылды. Осыдан-ақ әлемде бірде - бір елдің, бірде бір халықтың қазақ халқы сияқты демографиялық ахуалда мұндай күйреушілікті бастан кешпегенін және толық жойылып кету қаупі туындамағанын түсінуге болады. Біз тірі қалдық, топтаса білдік, қатыгезденген де жоқпыз, өшіккен де жоқпыз, XX ғасырдың қатаң қасіреті үшін ешқашан ешкімді кінәлаған да емеспіз. Біз төтеп бере білдік, сталинизмнің бүкіл кінәсіз құрбандарына көмектестік, өз төңірегімізге барлық этностар мен конфессияларды біріктіре отырып, өз тәуелсіздігімізге бейбіт жолмен қол жеткіздік. Бүгінде де біздің еліміз толеранттылық, келісім мен бір-біріне деген сенім негізінде алға қарай қадам басуда. Біздің көпестестігімізді саяси жүйе жасанды түрде жасап шығарды. Ол үшін өз ықтиярларынан тыс осы жерге келген адамдар кінәлі емес. Олардың бәрі де бүгінде қазақстандық болып шықты. Біз бәрін біртұтас, топтасқан халыққа біріктіре алдық. Бұл бүгінде біздің басты артықшылығымыз. Біздің күшіміз де осында.

Ләззат ҚАСЫМБЕКОВА,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.

● 1 НАУРЫЗ – ПАРТИЯ КҮНІ!

Партия - ортақ мақсатқа жұмылдырушы



Бірінші наурыз – партияның құрылған күні. Осыдан 26 жыл бұрын еліміздегі ең басты саяси ұйымның негізі қаланды. Партия халықты ортақ мақсатқа жұмылдырды.

Сіздерді партия күнімен құттықтаймын. Осы жылдар ішінде біз еліміз сенімді түрде алға жылжу үшін,

Тәуелсіздігіміз нығая түсу үшін, қоғамдағы бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін, барлық қазақстандықтардың игілігінің арта түсуі үшін жұмыс жүргіздік, жүргізе де береміз. Осы уақытта жеткен жетістіктеріміз қатардағы партия мүшелерінің әр күнгі қажырлы еңбегінің арқасы.

Барлық партия мүшелері мен аудан тұрғындарына татулық пен бақ - береке және Отанымыз – Қазақстан Республикасының ұлы болашағы жолында барлық игі мақсаттарға қол жеткізулерін тілеймін!

2025 жылда еліміздің дамуына үлкен үлес қосып келе жатқан барша қазақстандықтарға мың Алғыс! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

Көк туымыз мәңгі желбіреуі үшін аянбай еңбек ете берейік!

Алма ҚҰРМАНҒАЛИЕВА,
аудандық партия
филиалының төрағасы.

Кітапханаға кітап сыйла



14 ақпан - Халықаралық кітап сыйлау күні қарсаңында аудандық орталық кітапханасында «Кітапханаға кітап сыйла» акциясы өтті.

Кітап мәртебесін көтеру мен жастарға кітап оқуды насихаттау мақсатында бұл ұйымдастырылған акция аясында «AMANAT» партиясы Ақсу аудандық филиалының төрағасы Құрманғалиева Алма Жанатбекқызы кітапхана қорына қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреа-

ты, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ҚР «Мәдениет саласының үздігі» Нұрилла Бектемірованың «Өмірдің өзі жазған әңгімелер» (Хикаяттар мен әңгімелер) жинағының 17 данасын, «Орбұлақ, Орбұлақ, Орбұлақ» (Балаларға арналған ертегі, хикаяттар) жинағының 12 данасын сыйға тартты.

Құрметті қауым, Сіздерді аталған акцияға атсалысуға шақырамыз. Сіз сыйлаған әрбір кітап өз оқырманын табатырына сенімдіміз!

Берекелі отбасы - саналы ұрпақ тәрбиесінің негізі

Отбасы - қоғамның бір бөлшегі, мемлекеттің негізі, адам өміріндегі бақыттың қайнары, бақ жұлдызы. Өз отбасын аялай, қадірлей білмеген адам ақылды, есті адам есептелмейді. Отбасы берекелі болмаған адамның өмірде шат-шадыман жасауы мүмкін емес, әрі өз бақыты саналатын жанұясы отбасынан өзгеден, бақыт таба қоюы да екі талай. Ал, бала үшін отбасының татулығы, берекелілігі, тыныштығы аса маңызды. Өйткені, ата-ананың тату - тәттілігі, берекелілігі, көргенді, тәрбиелілігі баланың мінез-құлқына, оның психикасына тікелей әсер ететіні сөзсіз. Бала бейне бір өмір теңізіндегі қайық іспетті, ол толқынның еркінде болады, оның өз еркімен жағаға жүзіп шығуы екі талай. Оны тек екі ескек ғана айдын-шалқар теңізден аман - есен жағаға шығара алады. Егер ескек біреу ғана болса, теңізде нәсерлі дауыл тұрса, сыңар ескекті адамның көбінде шамасы келмейді. Демек, баланы өмірдің әртүрлі дауылдарынан, кедергісінен, қиын кешірмелерінен өткізіп, тәрбиелеу үшін, әке мен ананың екеуі де кем болса болмайтын екі ескек. Десе де, өмір кейде осы тілегімізден шыға да бермейді. Қазіргі таңда көптеген жас отбасылар өмірдің әртүрлі сынына төзбей ажырасып жататындары қаншама?! Осындай толық емес отбасында тәрбиеленген баланың тағдыры не болмақ? Өйткені, бала өкешешесі ажырасып кеткеннен кейін тірі жетім болып, елдің қабағына қарап, телмендеп жүреді. Бала да жүре келе мінез-құлқы тұйық, терең ойға шому, өзімен - өзі жалғыз қалуды ұнату, сыныптастарымен екі ауыз сөзге келмей ренжісіп қалатын, мұғалімнің де сөзін елемейтін, үйіне барғысы келмейтін, бос сандалып, ойсоқты болып жүретін әдеттер қалыптаса бастайды. Дәл осындай кезде ата - ананың тәрбиесі лайықты болмаса, баланы босқа жазғырып, ұрсып, зекіп, оның мұқтаждықтарына мән бермесе, мұның өзі бейне бір «Отқа май құйғандай» ұшыққан мәселеге айналдыру мүмкін. Оны былай қойғанда бала үйінен, мектептен мүлдем безіп кетуі де ғажап емес. Бала қашан да өз аяғынан тұрып, өмірде өз орнын тапқанша әке мен ананың тәрбиесіне, мейіріміне зәру. Себебі, әке-шешенің мінез-құлқы, әуесі, білімі, отбасындағы рөлі, жауапкершілігі, қоғамдағы атқаратын орны ұқсамайтындықтан

балаға тигізетін әсері де басқаша болады. Нақты айтқанда, бала анадан мейірімділік, ізгілік, адалдық, ұяқтылық, тазалық, ақкөңілділік, тәртіптілік сияқты қасиеттерді үйренсе, әкесінен батылдық, батырлық, қайсарлық, бірмінезділік, төзімділік, жігерлілік сияқты сапаларды қанына сіңіреді. Міне, осы қасиеттердің бәрі бір - бірін толықтап, кемелдендіріп, теңгеріп отыратын таразының тасындай тең тұратын қасиеттер. Ананың ең аяулы қасиеті оның ақ сүтімен, әлдімен, адамгершілігімен келсе, әкенің қасиеті ақылы, ары, азаматтылығы, ержүректілігі арқылы жүғады. Осы заманғы ғылым әке тәрбиесінің балаға жеткізер пайдасын ерекше бағалап отыр, әрі оны жан-жақты тәрбие деп қарайды. Соның ішінде баланың табысқа жетуі ұмтылуы, оқуда жақсы нәтижеге жетуі әке мен баланың қалыпты, жақсы қатынасына байланысты болады,- дейді. Ал, оқуда нашар баланың әкесі мен баласы арасындағы қарым - қатынасы салқын болатын көрінеді. Егер әке мен баланың қарым-қатынасы жақын болмағанда, ол баланың қоғамдық ортаға бейімделуі төмен, елмен тіл табысуы нашар, ұяң, жасқаншақ, уайымшыл болып өседі. Мұны халқымыз: «Әкелі бала мақтаншақ, әкесіз бала жасқаншақ»,-деп баяғы заманда - ақ тұжырымдаған. Ал, ана тәрбиесі жөнінде айтып жатудың өзі артық.

Айнұр СЕЙІТҚАЗЫҚЫЗЫ,
«Ж.Сыдықов атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ психологы.



АҚСУ АУДАНЫ

«КЕДЕРГІСІЗ КЕЛЕШЕК»

ПАРТИЯЛЫҚ ЖОБАСЫ АЯСЫНДА БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАР ЖӘРМӨҢКЕСІ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ

31 қаңтар «Аманат» партиясы Ақсу аудандық филиалының «Кедергісіз келешек» партиялық жобасына сәйкес мүмкіндігі шектеулі жандарға арнап, мүмкіндігі шектеулі азаматтардың қатысуымен «Бос жұмыс орындар» жәрмеңкесі өтті. Жәрмеңкеге жұмыс орындары санының 2 пайызынан 4 пайызына дейінгі мөлшерде квота белгіленген:

1. М.Байсақұлы атындағы мәдениет үйі.
2. Ақсу аудандық спорт мектебі.
3. Жаңатілеу атындағы орта мектебі.
4. Ветеринарлық станция.
5. Аудандық аурухана мекемелері бой көрсетті.

Одан бөлек «Бос жұмыс орындарын» ұсынып келген мекемелер де жәрмеңкеге атсалысты.

Жұмыс берушілер бос жұмыс орындарын ұсынды.

Жұмыс іздеушілер өздеріне қолайлы жұмыстармен танысып, толғандырып жүрген сұрақтарына жауап алды.

Жангүл ЕРБОЛАТҚЫЗЫ,
аудандық партия филиалының консультанты.

ҚҰЛ СЕРІ

(1844-1914 Ж.Ж.)

(Соңы. Басы өткен сандарда).
Медине ойнаса болды Жарық сартқа,
Жарық сарт тап беріпті жұқа шапқа.
Қасқа бас ояз науға ... кізіп ар,
Кесел болып жүрмесін мал мен басқа.

Алыпсатарға

Тері алып тұрған алып сатарға Құл:
Алыпсатар тұрады тері жайғы,
Қиудан жүре алмадым атым тайып.
Алыпсатар болғалы көп жыл болды,
А, қыздың береуіне қосылмадың,
Болар едің ... елге байып.

Досқұлыға

Арғы атам Қарақұла мен Тобышақ,
Үйінде Төменбайдың қырық бес пышақ.
Досқұлы үйде отырып күпінеді,
Ұрайын желқомыңды, қу құймышақ.
Тек жүрген осы күнде Қасет қандай,
Жүрмейді ұйыса сайтан қосақталмай.
Досқұлы үйде отырып күпінеді,
Осы елді қолыменен жасатқандай.

Құлдың жұмбағы

Түйенің тас табаны, төрт қабырға,
Төрт кісі де сияды бір қабырға.
Төрт кісі сия қалса бір қабырға,
Алдына бір ат қойдым жол саларға.
Шешуі: шана.

Өкіш кесеге

Тамам Ерші жылайды Өкіш десе,
Ұзақбайды жеп қойды әсіресе.
Сүйегі жас баланың өкшесіндей,
Құтырды неге мұнша осы кесе?

Елі Қара, Өтеулі қажыға

Құл Матайдың Қара деген елінің
Өтеулі қажы ауылына барады. Өтеулі
қажылыққа барып, өлген жылы екен.
Үлкен қатыны Құлды қондырмайды. Бір
кірпіш құйған шыңғырға Құл атын байлап,
елден алған шапандарын астына
жайлап, далада жатып қалады. Құлдың
кетпесін білген бәйбіше жалшысын
жіберіп, үйге шақыртады. Жалшыға Құл
бармаймын. Бірақ, мынаны айта бар
дейді. Құл:

Атаң Абай Бүйенде жатақ жатқан,
Көп шалбары көтіне кеуіп қатқан.
Өтеулінің тақымын арқан кесіп,
Қашқарлыққа жалданып, мата сатқан.
«Қайырсыз қарын бай» деп

естуші едім,
Қондырсын мені не қып әруақ атқан?!
Атаңнан уызында жарыған жоқ,
Кедейлік әлі сенен арылған жоқ.
Жер үй қазып, сақарада он жыл жатқан,
Бүйеннен қазған ұраң жабылған
жоқ, - дейді. Осыны жалшы бәйбішеге
жеткізеді.

- Ойбай, бір сұмырай шығар? Өлеңін
жұртқа жайып жіберер? – деп шақыра
барады.

Құл тоспай, аттанып кетеді. Ар-
тынан бәйбіше кісі шаптырады. Құл
бұрылмайды. Өзге ауылға кете барады.

Құлдың өмірден өтер шағында кейін айтқаны

Арап, Аппас, батыр Нияз, Ақан,
Желге тоқтау болмайды,
жыртық шапан.
Құлтан айғыр секілді қайран Татан,
Мұхаммадияр, Құрманәлі екі сайтан.
Тиіп екеуінің құйысін білген қу кісі екен,
Солардың заманында неге алмадың?!
Солардан өтіп кеткен қайран заман?

Маманға арнаған өлеңдері

Береді Маман қымыз жалғыз кесе,
Бермейді екі кесе өлдім десе.
Сау болып соқыр көзі тең бола ма?
Бірігіп би, болыспен елді жесе.

Қайырмасы:

Ай, гүлгүл жайнар,
Күліп ойнар.
Ал, а-ки-гай, аки-гай, ки-гаяк.
Құрт екен ақ-қара бас, мұрнын жеген,
Ішін жеп, сыртын қойып бүлдірмеген.
Тышқанның күйісін білген қу кісі екен,
Осынша батырып жегенше түйсінбеген.

Қайырмасы:

Ай, гүлгүл жайнар,
Күліп ойнар.
Ал, а-ки-гай, аки-гай, ки-гаяк.

Мынауың қыстан қалған сүр екен ғой,
Қайнаса жібімейтін сірі екен ғой.
Қарынбай біреу ме деп жүруші едім,
Екеу екен, біреуі тірі екен ғой.

Береді Маман қымыз жалғыз кесе,
Бермейді екі кесе өлдім десе.
Жуан келсе, ол Маман шабылады,
Соқырдың жыны бар-ау, кедей десе.

Үлкен кесе сен едің,
Кіші кесе мен едім.
Екеуіміз де көсеміз,
Кесе қып тапқан шешеміз.
Құмға шыққан селеудей,
Жылтырап тұр мұртымыз.
Көңіл өрге шапса да,
Солып қапты-ау ұртымыз.

Шиырбай шешеннің ұлы Қанабекке
Құл ақынды қақпайлап Қанабек болыс:
- Ойпырай, Құл аға! Бейсауат сөйлейсіз-
ау, осы, - дейді. Сонда Құл:

Қой болсаң, болар едің қоңыр шартық,
Әр қошқар сүзер еді домалатып.
Сол кезде сенің ием өзім болсам,
Көзіңді жоғалтар ем сартқа сатып.
Болар ең жылқы болсаң кәті ғана,
Кедейдің жалғыз шолақ аты ғана.
Жеріңнен кебек жеген кетпес едің,
Көсеумен түртер еді қатын, бала.
Болар ең түйе болсаң қызыл үлек,
Азаға да салмас еді ешкім елеп.
Болар ең сиыр болсаң қасқа бұқа,
Мандай терің бір елі, қалың құйқа, -
депті.

Шиырбайға шағым

Шиырбай шешеннің ұлы Қанабек
болысқа Садыр Құл сері жесір дауымен
шағым айтады. Қанабек болыс Құл сөзін
мұқият тындамаймын, шешемін дейді.
Сөз бұйдаға салып, есір дауы шешілмей,
уақыт сырғып өте береді. Құл сері
Қанабектің әкесі Шиырбайға келіп:

Беу, Шиырбай, өзің шешен,
әділ би болдың!
Қанабекке қараған күнім қараң болды.
Бұрынғы шыққан құлақ тозды,
Кейінгі шыққан мүйіз озды.
Сөз бұйдаға салып, дауымды
қанша созды.
Дауды өзің тексеріп, өзің шеш?
Қанабектің ісіне көрі жыным
қатты қозды! – деп жүгінеді.

Шиырбай:

- Ойпырмай, кіріспесем болмас, - деп
дау ісіне кірісіп, оң шешімін тауып, жесірін
қайтартады. Құл сері разы, көңілі қош бо-
лып аттанады.

Берте Қырбасқа

Ассалаумағаликум, батыр Қырбас!
Өзің көрі болсаң да, қуатың жас.
Шабытыңа келгенде талғамайсың,
Қыз-қырқын, келін-көпшік бәрі бір бас.

Ер Самалдық пен Құл

Ер Самалдық:
Шүленсіп шабарманға шашу шаштың,
Шүйіліп Шиырбайша шыға шаптың.
Шапқылап шабонбоздай шайқаласың,
Шыңқожаны шақыртып шығындаттың.

Құл:

Сібірді судай сапырған,
Озып шыққан ғасырдан.
Басқан жерің қазына,
Аулақ жүрген тасырдан. Құл серіні Ер
Самалдық «Шабдар шәйір» деп атапты.
Жолбарысұлы Бақтыбай ақын отырғанда
Құл серіге Ер Самалдық:
Шамданба, шырақ шамданба,
Шабыт шығар шалдан да.
Шашу шашсаң шақшадан,
Шабысқа шыдар Шабдар да, - депті.

Әсем мен Құл

Әсем қыз Садырда Түркенің Смайылы-
на айттырылған жеріне бармай, Байғазы
Мүсәпір батырдың інісі Молдабайды
ұнатып, соған күйеуге шығып кетеді. Бір
тойда Құл сері екеуі кез болады. Жұмбақ
айтысады.

Әсем:

Арқада айғыр Құлдан адуыншы,
Сүрінші Екей-Текей, бір бүлінші.
Болғанда таңда диқан тарғыл мөулім,
Су толқып, өтер бір күн дәлдүрінші.

Құл:

Айғыр Құлдан дегенің алғаның ғой,
Құланның отбасында қалғаның ғой.
Екей-Текей дегенің ел бүлдіріп,
Жүзі қара, елге бүлік салғаны ғой.
Таңға диқан дегенің тарғыл мөулім,
Құбылып өте шыққан жалғаның ғой.
Су бүркіп, өтер бір күн дегеніңіз,
Елден жырақ салынып, қалғаның ғой.

ҚҰЛ СЕРІНІҢ ӘН-ӨЛЕҢДЕРІ

Ой-Жайлау

Мен өзім әрі ақын, әрі батыр,
Қайда отыр ақын қыздар бермен шақыр,
ой-жайлау-ай.

Ысқырып айдаһардай ақын келсе,
Мүдірмей қызыл тілім сайра да отыр,
ой-жайлау-ай.

Қайырмасы:

Ақ бүрлен, қызыл бүрлен,
бүрлен, бүрлен,
Бүрленді аралайды жолын білген.
Қамшыны екі бүктеп, қолға ұстап,
Қызығы бұл дүниенің ойнап күлген,
ой-жайлау-ай.

Бір де бар, екі де бар үшке дейін,
Көтерші ақ тамақты иіскелейін,
ой-жайлау-ай.

Мен сені өмірлікке жар етер ем,
Ұйқыны қояр болсаң түске дейін,
ой-жайлау-ай.

Қайырмасы:

Ақ бүрлен, қызыл бүрлен,
бүрлен, бүрлен,
Бүрленді аралайды жолын білген.
Қамшыны екі бүктеп, қолға ұстап,
Қызығы бұл дүниенің ойнап күлген,
ой-жайлау-ай.

Ауылым Алатаудың ашасында,
Белгісі жүйрік аттың шашасында,
ой-жайлау-ай.

Менімен хат алысып, хат берісіп,
Бір күні уәделесіп қашасың ба,
ой-жайлау-ай.

Қайырмасы:

Ақ бүрлен, қызыл бүрлен,
бүрлен, бүрлен,
Бүрленді аралайды жолын білген.
Қамшыны екі бүктеп, қолға ұстап,
Қызығы бұл дүниенің ойнап күлген,
ой-жайлау-ай.

Мәукім сал

Соғыңдар, соқ жігіттер мәукімдетіп,
Қалғандай естігеннің есі кетіп.

Қайырмасы:

Мәукім – сал, Мәукім – сал,
Да-да күлді-ай, ой-дай-ай.
Атым – Құл, ой мен қырға
даңқым шыққан,
Сал болдым, ақын болдым әуендетіп.

Қайырмасы:

Мәукім – сал, Мәукім – сал,
Да-да күлді-ай, ой-дай-ай.

Молдыбай

Салайын ән сал десең ырғақтатып,
Сұлу қыз шолпы тағад бұлғақтатып.
Қыз мінген қызыл аттың жүрісіндей,
Салайын мен әніме бұлғандатып.

Ауылыңды-ай

Ауылыңның сыртынан ақша шатыр,
Ашуланып кетіпті біздің батыр,
біздің батыр-ай.

Шұбарағаш-Ойжайлау

Басың биік Алатау мұнарланған,
Бірде жаңбыр, бірде ашық,
тұманданған.

Қайырмасы:

Шұбарағаш-Ойжайлау,
Жаман жолдас қол байлау.
Аққан бұлақ күмістей аспанға атқан,
Көңіл шатты, хош иіс құмарланған

Қайырмасы:

Шұбарағаш-Ойжайлау,
Жаман жолдас қол байлау.
Шұбарағаш-Ойжайлау,
Қашан сәулем, сөз байлау.

Өтебай

Алатау басың биік мұнарланған,
Бірде ашық, бірде жабық тұманданған.
Күмістей аққан бұлақ аспанға атқан,
Хош иіс, көңіл шат құмарланған.

Ахау, ахау

Шығады ақыл жастан, қына тастан,
Не пайда еңбегі жоқ жалқау жастан.
Ахау, ахау, жалқау жастан.
Басыңнан бейнет көшер қысылғанда,
Жігіттің бұлбұлы сол көңіл ашқан.
Ахау, ахау, жалқау жастан.

Халалай

Ал қызыл көрінеді қашқандағы,
Жалғыздың жары құдай сасқандағы.
Қайырмасы: Халалай, халалай.
Дауысым тұмауратып, келмей отыр,
Айқай салмай дауысым ашылмайды,
Сені көрмей көңілім басылмайды.
Тойда айтпаған өлеңді қайда айтамыз,
Күнде мұндай басымыз қосылмайды.

Жетісу – жерім-ай

Ой болса екен, еңдеше, ой болса екен,
Өріп шығар қорадан қой болса екен.
Адамдардың тілегін берген құдай,
Күнде осындай мереке той болса екен.
Арындасын еңдеше, арындасын,
Көк қаршыға қолыңда шырылдасын.
Көпшіліктің тілегін берген құдай,
Бақ-дәулетің басыңнан арылдасын.
Айқай салмай дауысым ашылмайды,
Сені көрмей көңілім басылмайды.
Тойда айтпаған өлеңді қайда айтамыз,
Күнде мұндай басымыз қосылмайды.

Жемісбек ТОЛЫМБЕКОВ.

● БИЫЛ ӘБУ НАСЫР ӘЛ - ФАРАБИ БАБАМЫЗДЫҢ ТУҒАНЫНА - 1155 ЖЫЛ!

Шығыстың ғұлама ғалымы



2020 жылы ақпан айының соңында ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығы бойынша Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойын мемлекет деңгейінде атап өту туралы Қаулы жарияланған болатын. Содан бері зымырап көзді ашып - жұмғанша 5 жыл өте шығыпты. Биыл ұлы ғұламының туғанына - 1155 жыл! Осыған орай ғұлама тұлғаларымызға арналған іс - шаралар өз жалғасын табуда. Ақсу ауылдық кітапханасы қызметкерлерінің ұйымдастыруымен күллі түркі жұртының мақтанышы, «мұғалім сәни» (екінші ұстаз) атанған ғалым философ, ұлы даланың Ұлы тұлғасы ұлтымыздың мақтанышы Әбу Насыр әл-Фараби бабамызға арналған «Шығыстың ғұлама ғалымы» атты портреттік кеш өтті. Бұл іс-шараға ауылымыздағы «Мамания» орта мектебінің жоғары сынып оқушылары шақырылды.

Мақсаты - Әбу Насыр Әл-Фарабидің бабамыз энциклопедист - ғалым, философ, әдебиет зерттеуші, ақын екендігін және дүниежүзілік ғылым мен мәдениеттің Аристотельден кейінгі екінші ғұламасы екендігін оқырмандарға жеткізу.

Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздың құрметіне арналған кештің бастамасы өмірінен бейнежазбамен басталды.

Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келген. Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлағ ибн Тархан Әл-Фараби. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты жөнінде "Тархан" деген атаудың болуы. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеген.

Айырықша дарын иесі Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өскен. Алғашында Бұхарада, Самаркандта білім алады, одан кейін Хамадан, Бағдат, Шам, Каир, Дамаск, Александрия, Медина, Мекке қалаларында зерттеумен айналысқан. Ақыры Бағдад қаласында тұрақтап қалады. Бұл жерде 20 жылдай тұрып, антикалық философиямен әлемдік мәдениетпен танысты. Содан кейін Шам жеріне (Бағдад) қоныс аударып, 950 жылы өмірден өткенше сол өлкеде қалады. "Жалпы Әл-Фараби бір жерде тұрақтамаған. Ол үнемі бір қаладан екінші қалаға саяхат жасап, білімін шыңдаған. Ғұлама ойшыл бар өмірін ғылым мен білімге арнады. Мәліметтерге сәйкес, ол 70-ке жуық тілді меңгерген екен.

Кеште оқушылар Ұлы тұлға туралы тың деректер алып, рухани білімдерін кеңітті. Кітапхана қызметкерлері Әбу Насыр Әл-Фараби туралы мәліметтермен қысқаша баяндамалар жасады.

Кеш соңында Әл-Фараби кітаптарынан «Түркі әлемінің рухани жұлдызы» атты кітап көрмесі құрылып, ойшылдың шығармашылық мұрасымен кеңінен танысты. Ұлы Ұстаздың шығармалары оқырмандардың жан жүрегіне жетіп, ұрпақтан ұрпаққа өшпейтін із қалдырған киелі құндылық болғаны сөзсіз.

А.РАЙЫМҚҰЛОВА,

Ақсу ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры

Қазақ әдебиетінің ХХ ғасырдағы ең жарқын кезеңдерінің бірі – «алтын ғасыр» деп аталатын кеңестік дәуірдегі әдебиеттің гүлдену кезеңі. Бұл уақытта ұлттық әдебиет жаңа биіктерге көтеріліп, классикалық туындылар дүниеге келген. Сол кезеңнің көрнекті тұлғаларының бірі, жазушы, ақын, қазақ прозасы мен поэзиясына үлкен үлес қосып, кеңестік дәуірдегі қазақ әдебиетінің дамуына айрықша ықпал еткен қоғам қайраткері Сәбит Мұқановтың туғанына биыл 125 жыл толып отыр. Сәбит Мұқанов осы дәуірдегі ең өнімді әрі танымал жазушылардың бірі болды.

Сәбит Мұқанов 1900 жылы 26 сәуірде қазіргі Солтүстік Қазақстан облысының Жамбыл ауданындағы Жаманшұбар ауылында кедей отбасында дүниеге келген. Жастайынан жетім қалып, ауыр тұрмысты бастан өткерген. Жеті жасқа толғанда әкесі Мұқан қайтыс болып, сегізге аяқ басқанда анасынан айырылған. Жетімдіктің тауқыметін тартқан С.Мұқанов еңбекке ерте араласады. Алайда білімге деген құштарлығы бір сәт те басылған емес. Өз бетінше оқу-білімге ұмтылып, ауыл молдасынан хат таныған. 14-15 жасында ел аузындағы жыр-толғауларды, қисса-дастандарды жаттап, мақамдап айтып үйренген. Өлең шығаруға талаптанып, ел аузына ілігіп, ауыл ішінде өлеңші бала атанған екен. Абай Құнанбайұлының 1909 жылы басылған өлеңдер жинағымен танысып, Абайдай ақын болуды армандаған.

1918-1919 жылдары Омбыдағы оқытушылар курсына білім ала жүріп Мағжан Жұмабаевқа хатшылық еткен. Оқуды бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалімдік қызмет жасаған.

С.Мұқанов шығармашылық қызметін өлеңнен бастаған адам. Алғашқы өлеңдерінің өзінде-ақ ол тап күресін, совет өкіметін, жаңа дәуірде теңдікке қолы жетіп, қатарға қосылған қазақ еңбекшілерінің жайын жырлай шықты. Революция жеңістері үшін күресу, халыққа адал қызмет ету арқылы өзін еңбекші таптың жыршысы екенін танытты. Ол қазақ әдебиетіне еңбекші бұқараның өкілдерін шын мәніндегі жағымды образ етіп енгізді де, өзін халық жыршысы екендігін көрсеткен қоғам қайраткерінің бірі. Осындай көптеген шығармашылықтарымен қатар ақын Сәбит Мұқанов қазақтың айтыс өнерінде дәріптеп көрсеткен. Солардың бірі «Сара мен Біржан сал айтысы».

Ақын Сара мен Сәбит Мұқанов шығармашылығы белгілі бір деңгейде байланысты. Сәбит Мұқанов қазақ әдебиетінің зерттеушісі ретінде халық ақындары туралы еңбектер жазып, олардың шығармашылығын насихаттаған. Ол қазақтың айтыс өнеріне де үлкен мән беріп, халық ауыз әдебиетінің інжу-маржандарын жинап зерттеген. Біржан мен Сара айтысының көркемдік, тарихи маңызын алғашқылардың бірі болып зерттеген – Сәбит Мұқанов. Ол бұл туындыны қазақ әдебиетінің алтын қазынасы деп бағалап, Сараның ақындық шеберлігі мен Біржан салдың суырыпсалмалық өнерінің көрінісі ретінде бағалаған. Оның мәтінін жинақтауға, талдауға және жариялауға ат салысқан. Жазушы өз еңбектерінде Сара Тастанбекқызының өмірі мен шығармашылығы жайлы деректер келтіріп, оның қазақ әйелдерінің еркіндігіне қоғамдағы орнын көтеру жолындағы рөлін айқындаған. Сәбит Мұқановтың арқасында «Біржан – Сара айтысы» кеңінен зерттеліп, қазақ әдебиетінде лайықты орын тапты. «Біржан – Сара айтысының» әдеби құндылығын жоғары бағалап, оны қазақ мәдениетінің маңызды мұрасы ретінде дәріптеді. Ол Сараның тек қана ақын емес, сондай-ақ қоғамдағы әділетсіздікке қарсы тұрған бауырланып әйел екенін көрсетті.

Сәбит Мұқанов қазақ әдебиетінің барлық жанрында еңбек етті: роман, повесть, поэзия, драматургия, публицистика, әдебиеттану. Оның шығармашылығы қазақ халқының өмірін, әлеуметтік теңсіздікті, тарихи өзгерістерді, адамның жан-дүниесін терең бейнелеуімен ерекшеленеді.

Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры ұлттық руханияттың кемелденген дәуірі болды. Бұл кезеңде қазақ әдебиеті тек ұлттық ауқымда ғана емес, бүкіл әлемдік деңгейде танылды. Осы дәуірдің көрнекті өкілдерінің бірі С.Мұқановтың шығармалары қазақ әдебиетінің алтын қазынасына енді. Оның еңбектері әлі күнге дейін өзектілігін жоғалтпай, ұлт руханиятының баға жетпес мұрасы ретінде оқытылып келеді.

Бекзат КЕНЖЕХАНОВА,
Ақын Сараның мемориалды музейінің қор сақтаушысы.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫ ЖЫЛЫ

Өмір – өзен. Оның ағысы тоқтамайды. Егер ол жетпіс шақырымда тоқтап қалса ол өзенге жатпайды. Көне тәмсіл – бір өзен суына екі рет түсуге болмайды. Өйткені, қазір түскен суың ағып кетеді, ол мәңгі қозғалыста – дейді. Иә, адам өмірі де сондай ағын су сияқты. Бүгінгіңді ертең ұстай алмайсың. Түсінген адамға өмірдің қымбаттығы да содан болар. Бұрынғы бабаларымыз кешқұрым ауыл маңындағы төбеге шығып, батып бара жатқан күннің қызыл шапағына қарап, «Тағы бір күнім өтті», - деп бір күрсініп қояды екен. Ал, қызарып шығып келе жатқан күнді далада қарсы алып, бұл күннің шапағын көргеніне тәубе жасап, тәу ететін көрінеді. Бұл әңгімені уақыт жайлы халықтың дүниетаным түсінікпен жай бастағаным жоқ. Мұнда біздің адами, халықтық салтымыздың, мәдениетіміздің тамыры уақыт деген мәңгілік деген ұстаным жатыр.

ЖЕМІСІ ДЕ, ЖЕҢІСІ ДЕ МОЛ ЖЫЛДАР

(Ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты А.Жиенбаев жайлы үзік сыр)



Ал, адам өміріндегі уақыт деген жылдан – ақ. Міне, осы таңның атысы мен күннің батысын көріп өскен, еңбекпен шырдалған кешегі агроном, совхоз директоры, аудандық ауылшаруашылығы басқармасының, аудандық вет. станция инспекциясының бастығы, ауылшаруашылығы ғылымдарының кандидаты және спорттың бокс түрінен спорт шеберлігіне кандидат болған Арыстан Жиенбаев ініміз 23 ақпанда жетпістің жеті асуына жетіпті. Енді бүгін отбасының тамыры терең бәйтеректей тірегі болып, абыздай ардақты ақсақал болып отыр. Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты ғалым агрономды мағыналы өмірдің биік бір белесіне жеткізді. Әрбір адамның өзіне тән өмір жолы, тіршілік баыны бар.

Алайда, еткен еңбек, көрген бейнет, татқан зейнет, алған асу, жеткен биік – әркімнің өмірінде әр қилы. Арыстан Әмірбекұлы ізденімпаздығы мен қажыр – қайратының арқасында талай абырой биігінен көрініп, ұрпағына үлгі болар абзал жан ретінде өзін ортасына таныта білді.

Енді сәл шегініс жасап Арекеңнің өскен ортасы жайлы ой қозғайтын болсақ – кәдімгі ауыл баласы болып, орта мектепті аудан орталығынан ойдағыдай бітіріп шықты. Мектеп демекші, ол сол оқушы кезінен – ақ ұстаздары мен кластастарының арасында ерте көзге түсе бастады. Өйткені, бала болған соң спорттың әр түріне қызығушылық артады емес пе. Оқушы Арыстан да достарымен бірге асық та ойнады, ләңгіні де, допты да қуалап тепкіледі. Осының ішінде оқушылардың әуестігі есейе келе бокс пен күреске ауатыны белгілі. Осы тұста оның боксқа деген ынта – жігері ерте оянды. Бапкердің көзіне ілінсе керек, бірден мектеп аралық жарыстарға қатыстырып, одан жүлдегер атанады. Осылайша ауданаралық, одан облыстық жарыстарға апарып, ол жақтан да Бас жүлдені жеңіп алып жүрді.

Мұның сыртында қолына гитарасын алып, мектепте өтетін кештерде ән

шырқап жүрсе, ондай оқушы қалайда мектеп мақтанышына айналады емес пе.

Сонымен соңғы қоңырау да соғылып, мектептегі достарымен бірге сол кездегі астана Алматы шаһарына жол тартады. Бағы жанып бетке ұстар жоғарғы оқу орындарының бірегейі ауылшаруашылығы институтының Агрофаққа, яғни, болашақта агроном болуды мақсат тұтып, осы оқуға түседі. Спорт пен өнерге бейім жігіт оқуымен бірге бокс үйірмесіне уақыт тауып, үзбей қатынасып жүреді.

Студенттердің оқуға түскендегі ыстық – суығы бірінші семестрдегі қаптаған емтихан, зәчеттарды тапсырудағы бір құлап, бір сүрініп барып «кестерін» жиятыны бар емес пе. Арекең бұл сынақтан тәуір – ақ өтті. Алайда, студенттер арасындағы жарыстағы, бокстағы жеке – жеке сабақтан гөрі қиындау соға бастады. Өйткені, еліміздің қиыр – шырынан жиналған небір апайтөстермен

май біреуге шырамытып келе жатқанын байқап келемін. Жақындап барып көлікті тоқтатты да Арыстанның суретіне қарап тұрып, жастар арасындағы чемпион деген жазуды байқап қалды. Өлден уақытта машинаны кері ауылға бұр, – деді де, маған мынаны Арыстанға бер, – деп біраз тиын – тебен берді. Оған деген қыжылым әлі басылмаған мен ішімнен бере қоярмын деп қалтаға тиын – тебенді сүңгіттім де, ағаның қайтқанына қуанып, арқамнан жүк түскендей сабаққа қарай жөнелдім. Сөйтсем, аға Арекеңнің суретін көрген соң көңілі орнына түсіп, менің құрдас екенімді біліп, әдейі апарғанды сезіп қалса керек, – деп біраз күлдіргені бар.

Ғалым – агроном мамандығын алып, ауылға оралған ол қай салада істемесін, жастығына қарамастан білімділігінің арқасында аудан басшыларының көзіне түсіп, Ақсу тәжірибе шаруашылығына директор етіп тағайындады. Бұл аудандағы ең жас директор болып, мол тәжірибе жинақтады.

Жоғарыда атап өткен әр басшылыққа қажырлы еңбегімен, асығып – аптығуды білмейтін, ақырын жүріп, анық басатын бір қалыпты мінезді, сабырлық сақтайтын шаруа басшысы бола білді.

Әрине, өмір болған соң оның соқтықпалы, соқпақты, асу – асу белдерін, белестерін көрді. Жай өткен, белгісіз кеткен жылдар емес – күресі болған, тайталас – тартысы өткен, талай – талай қуанышы, қызығы мерейлі жылдарын басынан өткізді. Қиыншылықтарға қарсы тұра білді, табыстарына тасымады. Ал, жолдасы Ғалия болса – орынсыз орнынан қозғала қоймайтын салмақты мінезі бар, артық сөзге жоқ, айтатынын тап басып, тыңдаушысын тыңдата білетін. Кісілігі мен кішілігі, парасаттылығы мен пайымдылығы ұштасып тұратын. Ол жоғары білімді маман ретінде Ж.Сыдықов атындағы орта мектептің кітапхана меңгерушісі қызметін абыроймен атқарып, зор беделге ие болды. Арекең екеуі ұлдары мен қыздарына жоғары білім әперіп, олар лайықты қызметтерін атқарып, ата – ана көңілінен шығып, немерелермен қуантуда.

Реті келіп тұрғанда айта кетейін, Ғалия етекте жанның естісі, жаулық тартқанның сестісі, әдет – ғұрып, салт – дәстүрдің білгірі, өте ибалы жан болды. Ол ерін сыйлады. Хан көтерді, оны ағайын – туыс, елі сыйлады, төрге шығарды, құрметтеді. Әлі солай. Бұл күндері енді Айғанымдай ақылды, Ұлпандай ұлағатты, Зередей зерделі әже атанып отыр.

Бұл жанұямен ұзақ жыл жарасымды, ағалы – інілі, апалы – сіңлілі сияқты сыйластықта жақын көрші болғандықтан өзін білетін, әрі ел – жұрттан естіген өнегелі өмір жолдарына тоқталдым. Енді Арекеңнің 70 жасына орай жасы үлкен көршілерінің атынан әзіл – қалжыңы аралас арнаулы жазып отырмын:

Байқатпай – ақ өте шығар
жылдар жылжып ғажайып,
Әр – әр жерде гүлдер солып,
қурай қалар сарайып.

Осындайда көрінеді кейде күйкі тіршілік,
Қалған кезде үзеңгілес
достар саны азайып.

Қартайғанда қарттар халы күйіншек,
Немереге неткен жаны үйіршек.
Жетпіс жаста бел асқарға айналып,
Барса – келмес тосқандай – ақ,
жиылады түйіншек.

Ыстық шіркін немерең мен ұлдарың,
Күннің ұзақ, ұйқы шегі түн жарым.
Бірақ түнде қиял қуып, жігіт боп,
Маза бермес арманда өткен жылдарың.

Осы күні қалың қалай қариялар,
Айтатын көріліктен біреу хабар.
Асаусып жүруші едің құрық көрмей,
Қыл бұрау басқа түскен осы болар.
Егде тартса ұлдарың мен қыздарың,
Жай сөздері сөгіс болып естіледі

бір жарым.
Ми мен жүрек шық еткенді көтермей,
Осындайда неге сонша бал татиды
ку жаның.

Жетпіс саған өкпе жоқ, назым ғана,
Ареке қорықпа сен, айтқаным тек
әзіл ғана.

Қайрат пен қызықтардан дәм етпейсің,
Айтасың – қалдыра гөр көңілімнің
жазын ғана.

Мен сенің ат қойғыштық әзіліңе,
Тап беріп тиісердей қазір міне.
Жайдары мінезіңмен кіші, үлкенге,
Ризамыз Ғалияның наз үніне.
Қоса ағар Ғалиядай ханшайыммен,
Қалайша тілек айтпай шаршайым мен.
Сол күнді, сол сәттерді тілейміз біз.
Мың жасаңдар Лұқпандай ұрпағыңмен,

Дүйсен МҰХАМЕТШАРҰЛЫ,
Қазақстанның Құрметті журналисі,
Ақсу ауданының "Құрметті азаматы".

ШАРУА НЕМЕСЕ ФЕРМЕР ҚОЖАЛЫҒЫН ЖҮРГІЗУ ҮШІН УАҚЫТША ӨТЕУЛІ ЖЕР ПАЙДАЛАНУ (ЖАЛҒА АЛУ) ҚҰҚЫҒЫН БЕРУ ЖӨНІНДЕГІ КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

ИЗВЕЩЕНИЕ О ПРОВЕДЕНИИ КОНКУРСА ПО ПРЕДОСТАВЛЕНИЮ ПРАВА ВРЕМЕННОГО ВОЗМЕЗДНОГО ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЯ (АРЕНДЫ) ДЛЯ ВЕДЕНИЯ КРЕСТЬЯНСКОГО ИЛИ ФЕРМЕРСКОГО ХОЗЯЙСТВА, СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННО ПРОИЗВОДСТВА

Жетісу облысы, Ақсу аудан әкімдігі, Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 43-1 бабында және «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрінің 2018 жылғы 20 желтоқсандағы №518 Бұйрығы негізінде, «Шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс өткізетіндігі туралы хабарлайды:

Конкурсқа қатысу үшін өтінімдерді (конкурстық ұсыныс) қабылдау, жарияланған соң 30 күнтізбелік күннен кейін, 15 жұмыс күні ішінде,
2025 жылдың 31 наурызынан 18 сәуіріне дейін қабылданады. Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.
 Конкурсқа қатысу туралы өтінімдерді қабылдаудың (конкурстық құжаттаманы) соңғы мерзімі: **2025 жылдың 18 сәуірі 18 сағат 30 минутқа дейін.**

Конкурстық өтінімдер салынған конверттер **2025 жылдың 21 сәуірі 10 сағат 00 минутта** мына мекен жайда ашылады: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5, аудан әкімінің орынбасары кабинетінде.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі **конкурсқа қатысуға өтінімде:**

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің үлестеріне көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстық жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Конкурстық ұсыныста мынадай құжаттар болуы қажет:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауылшаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауылшаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауылшаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылық ішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауылшаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауылшаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын ертараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылуға тиіс.

Конкурстық ұсыныс, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, беттері нөмірленіп, тігілген түрде, жабық конвертке ұсынылады.

Конкурстық ұсыныста өтінім беруші ұсынған міндеттемелер мен бизнес-жоспар шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартының ажырамас бөлігі болып табылады.

Сонымен қатар, Конкурстық ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертке ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрмен (бар болса) куәландырылады.

Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс.

Конкурстық ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауылшаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және **2025 жылғы «21 сәуірге»** дейін ашуға болмайды" (ашудың нақты күні көрсетілгені) деген сөздер жазылады.

Қосымша ақпарат пен анықтама алу үшін (72832) 2-21-26 телефон арқылы хабарласуға болады.

АҚСУ АУДАНЫНЫҢ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҒЫ МЕН ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ.

| № | Орналасқан жері | Алаңы, га. | Алқап құрамы | Топырақтың сапалық сипаттамасы | Балл бонитеті | Су көздерімен қамтамасыз етілуі | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы |
|----|----------------------|------------|------------------|--|---------------|---------------------------------|---------------------------------------|
| 1 | Қапал ауылдық округі | 5,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 70,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 2 | Қапал ауылдық округі | 5,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 70,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 3 | Қапал ауылдық округі | 5,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 70,0 | Сумен қамтамасыз етілген емес | Мамандандырылған |
| 4 | Қапал ауылдық округі | 5,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 70,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 5 | Қапал ауылдық округі | 6,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 70,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 6 | Қапал ауылдық округі | 6,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 70,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 7 | Қапал ауылдық округі | 5,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 70,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 8 | Қапал ауылдық округі | 5,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 70,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 9 | Қапал ауылдық округі | 6,5 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 70,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 10 | Қапал ауылдық округі | 6,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 70,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 11 | Қапал ауылдық округі | 5,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 70,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 12 | Қапал ауылдық округі | 5,0 | Төлім егістік | Қуатты жай оңтүстік өңірдегі қара топырақ, орташа саздақты | 70,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 13 | Қапал ауылдық округі | 3,2 | Шабындық | Күнгірт қара қоңыр батпақты-шалғынды топырақ, орташа саздақты | 60,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 14 | Қапал ауылдық округі | 9,5 | Шабындық | Жай күнгірт қара қоңыр батпақты-шалғынды топырақ, ауырсаздақты | 57,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 15 | Қапал ауылдық округі | 1,04 | Шабындық | Тұздалған күнгірт қара қоңыр батпақты-шалғынды топырақ, орташа саздақты | 20,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |

| № | Местоположение | Площадь, га. | Состав угодий | Качественная характеристика почв | Балл бонитет | Водообеспеченность | Сельскохозяйственная специализация региона |
|----|---------------------------|--------------|-----------------|--|--------------|--------------------|--|
| 1 | Капальский сельский округ | 5,0 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые | 70,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 2 | Капальский сельский округ | 5,0 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые | 70,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 3 | Капальский сельский округ | 5,0 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые | 70,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 4 | Капальский сельский округ | 5,0 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые | 70,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 5 | Капальский сельский округ | 6,0 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые | 70,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 6 | Капальский сельский округ | 6,0 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые | 70,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 7 | Капальский сельский округ | 5,0 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые | 70,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 8 | Капальский сельский округ | 5,0 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые | 70,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 9 | Капальский сельский округ | 6,5 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые | 70,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 10 | Капальский сельский округ | 6,0 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые | 70,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 11 | Капальский сельский округ | 5,0 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые | 70,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 12 | Капальский сельский округ | 5,0 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые | 70,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 13 | Капальский сельский округ | 3,2 | Сенокосы | Лугово-болотные темно-каштановые, среднесуглинистые | 60,0 | Не требуется | Специализированный |
| 14 | Капальский сельский округ | 9,5 | Сенокосы | Лугово-болотные темно-каштановые обычные, тяжелосуглинистые | 57,0 | Не требуется | Специализированный |
| 15 | Капальский сельский округ | 1,04 | Сенокосы | Лугово-болотные темно-каштановые засоленные, среднесуглинистые | 20,0 | Не требуется | Специализированный |

| № | Орналасқан жері | Алаңы, га. | Алқап құрамы | Топырақтың сапалық сипаттамасы | Балл бонитеті | Су көздерімен қамтамасыз етілуі | Өңірдің ауыл шаруашылығына мамандануы |
|----|----------------------------|------------|------------------|--|---------------|---------------------------------|---------------------------------------|
| 16 | Қапал ауылдық округі | 5,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты | 70,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 17 | Қапал ауылдық округі | 5,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты | 70,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 18 | Қапал ауылдық округі | 2,0 | жайылым | Жай күнгірт қара қоңыр батпақты-шалғынды топырақ, ауырсаздақты | 64,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 19 | Қапал ауылдық округі | 120,0 | жайылым | Аз жетілген жәй ашық қара қоңыр топырақ және 30-50% тығыз жыныс шығуы, орташа саздақты. | 26,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 20 | Қапал ауылдық округі | 13,6 | Тәлім егістік | Қуатты жай оңтүстік өңірдегі қара топырақ, орташа саздақты | 55,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 21 | Қапал ауылдық округі | 27,6 | жайылым | Қуатты жай оңтүстік өңірдегі қара топырақ, орташа саздақты | 42,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 22 | Қапал ауылдық округі | 12,9 | Тәлім егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, әлсіз қиыршық тасты | 40,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 23 | Қапал ауылдық округі | 9,0 | Тәлім егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты | 29,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 24 | Қапал ауылдық округі | 20,0 | Тәлім егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты | 23,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 25 | Қапал ауылдық округі | 20,0 | Тәлім егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты | 23,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 26 | Қапал ауылдық округі | 9,0 | Тәлім егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты | 29,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 27 | Қапал ауылдық округі | 40,0 | Жайылым | Толық жетілмеген күнгірт қара қоңыр және 10-30% тығыз жыныс шығуы, орташа саздақты, орташа қиыршықтасты | 17,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 28 | Қапал ауылдық округі | 2,8 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты | 44,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 29 | Қапал ауылдық округі | 5,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 16,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 30 | Қапал ауылдық округі | 5,0 | Тәлім егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 16,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 31 | Қапал ауылдық округі | 5,0 | Суармалы егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр және 30-50% аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 16,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 32 | Қапал ауылдық округі | 6,72 | Суармалы егістік | Аз жетілген күнгірт қара қоңыр және 10-30% Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр-шалғынды топырақ орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 14,0 | Сумен қамтамасыз етілген | Мамандандырылған |
| 33 | Қапал ауылдық округі | 10,0 | Тәлім егістік | Аз жетілген күнгірт қара қоңыр топырақ, орташа саздақты, орташа қиыршық тасты | 13,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 34 | Қапал ауылдық округі | 54,8 | Жайылым | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр-шалғынды топырақ, ауыр саздақты | 32,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 35 | Қапал ауылдық округі | 8,5 | Тәлім егістік | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр-шалғынды топырақ, орташа саздақты | 20,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 36 | Қапал ауылдық округі | 20,0 | Жайылым | Орташа қуатты жай күнгірт қара қоңыр-шалғынды топырақ, орташа саздақты | 21,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 37 | Қапал ауылдық округі | 30,0 | Жайылым | Толық жетілмеген күнгірт қара қоңыр және 10-30% тығыз жыныс шығуы, орташа саздақты, күшті қиыршық тасты | 18,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 38 | Қапал ауылдық округі | 9,02 | Жайылым | Жай күнгірт қара қоңыр батпақты топырақ, орташа саздақты | 23,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 39 | Б.Сырттанов ауылдық округі | 20,0 | Суармалы егістік | Жай солтүстік кәдімгі сұр топырақ суармалы, жеңілсаздақты | 32,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 40 | Б.Сырттанов ауылдық округі | 99,10 | Жайылым | Жай ашық сұр шалғынды топырақ, жеңілсаздақты, әлсіз сортаңдау солтүстік ашық сұр-шалғынды | 9,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |
| 41 | Б.Сырттанов ауылдық округі | 87,64 | Жайылым | Орташа сортаңдау солтүстік ашық сұр-шалғынды және 10-30% әлсіз сортаңдау солтүстік ашық сұр-шалғынды топырақ, құмайты | 11,0 | Қажет емес | Мамандандырылған |

| № | Местоположение | Площадь, га. | Состав угодий | Качественная характеристика почв | Балл бонитет | Водообеспеченность | Сельскохозяйственная специализация региона |
|----|--------------------------------|--------------|-----------------|---|--------------|--------------------|--|
| 16 | Капальский сельский округ | 5,0 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые | 70,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 17 | Капальский сельский округ | 5,0 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые среднесуглинистые | 70,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 18 | Капальский сельский округ | 2,0 | Сенокосы | Лугово-болотные темно-каштановые обычные, тяжело-суглинистые | 64,0 | Не требуется | Специализированный |
| 19 | Капальский сельский округ | 120,0 | Пастбища | Черноземы южные малоразвитые с выходами плотных пород/ ВПН 30-50%, среднесуглинистые. | 26,0 | Не требуется | Специализированный |
| 20 | Капальский сельский округ | 13,6 | Богарная пашня | Черноземы южные обычные мощные, тяжело-суглинистые | 55,0 | Не требуется | Специализированный |
| 21 | Капальский сельский округ | 27,6 | Пастбища | Черноземы южные обычные мощные, среднесуглинистые. | 42,0 | Не требуется | Специализированный |
| 22 | Капальский сельский округ | 12,9 | Богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднесуглинистые, слабозащеченные | 40,0 | Не требуется | Специализированный |
| 23 | Капальский сельский округ | 9,0 | Богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднесуглинистые | 29,0 | Не требуется | Специализированный |
| 24 | Капальский сельский округ | 20,0 | Богарная пашня | Лугово-темно-каштановые, обычные среднесуглинистые | 23,0 | Не требуется | Специализированный |
| 25 | Капальский сельский округ | 20,0 | Богарная пашня | Лугово-темно-каштановые, обычные среднесуглинистые | 23,0 | Не требуется | Специализированный |
| 26 | Капальский сельский округ | 9,0 | Богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднесуглинистые | 29,0 | Не требуется | Специализированный |
| 27 | Капальский сельский округ | 40,0 | Пастбища | Темно-каштановые неполно-развитые с выходами полных пород 10-30%, среднесуглинистые, слабозащеченные | 17,0 | Не требуется | Специализированный |
| 28 | Капальский сельский округ | 2,8 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые обычные среднесуглинистые | 44,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 29 | Капальский сельский округ | 5,0 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые обычные среднесуглинистые с темно-каштановыми малоразвитыми 30-50% среднесуглинистые, среднезащеченные | 16,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 30 | Капальский сельский округ | 5,0 | Богарная пашня | Темно-каштановые обычные среднесуглинистые с темно-каштановыми малоразвитыми 30-50% среднесуглинистые, среднезащеченные | 16,0 | Не требуется | Специализированный |
| 31 | Капальский сельский округ | 5,0 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые обычные среднесуглинистые с темно-каштановыми малоразвитыми 30-50% среднесуглинистые, среднезащеченные | 16,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 32 | Капальский сельский округ | 6,72 | Орошаемое пашня | Темно-каштановые обычные среднесуглинистые с темно-каштановыми малоразвитыми 10-30% среднесуглинистые, среднезащеченные | 14,0 | Обеспечен водой | Специализированный |
| 33 | Капальский сельский округ | 10,0 | Богарная пашня | Темно-каштановые малоразвитые, среднесуглинистые, среднезащеченные | 13,0 | Не требуется | Специализированный |
| 34 | Капальский сельский округ | 54,8 | Пастбища | Лугово-темно-каштановые обычные среднесуглинистые, тяжело-суглинистые | 32,0 | Не требуется | Специализированный |
| 35 | Капальский сельский округ | 8,5 | Богарная пашня | Лугово-темно-каштановые обычные среднесуглинистые | 20,0 | Не требуется | Специализированный |
| 36 | Капальский сельский округ | 20,0 | Пастбища | Лугово-темно-каштановые обычные среднесуглинистые | 21,0 | Не требуется | Специализированный |
| 37 | Капальский сельский округ | 30,0 | Пастбища | Темно-каштановые неполно-развитые с выходами полных пород 10-30%, среднесуглинистые, сильнозащеченные | 18,0 | Не требуется | Специализированный |
| 38 | Капальский сельский округ | 9,02 | Пастбища | Болотные темно-каштановые обычные, среднесуглинистые | 23,0 | Не требуется | Специализированный |
| 39 | Б.Сырттановский сельский округ | 20,0 | Орошаемое пашня | Лугово-сероземные обыкновенные северные обычные орошаемые, супесчаные | 32,0 | Не требуется | Специализированный |
| 40 | Б.Сырттановский сельский округ | 99,10 | Пастбища | Лугово-сероземные светлые северные сильносолончаковатые с лугово-сероземными светлыми северными слабосолонцеватыми 10-30%, легкосуглинистые | 9,0 | Не требуется | Специализированный |
| 41 | Б.Сырттановский сельский округ | 87,64 | Пастбища | Лугово-сероземные светлые северные среднесолончаковатые с лугово-сероземными светлыми северными слабосолонцеватыми 10-30%, супесчаные | 11,0 | Не требуется | Специализированный |

Өрт – тілсіз жау. Оның салдарынан түрлі қайғылы жағдайлар орын алууда. Әсіресе, жылыту маусымында жеке тұрғын үй секторларында қатты отынмен жағылатын пештерді және электр жылытқыштарды қолдану кезінде өрт қауіпсіздік ережелерін сақтау аса маңызды. Пешті орнату және пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі талаптарының орындалуына баса назар аудару қажет. Өрттердің жиі шығу себептері пештің қатты қызуынан, қаланған кірпіштерде жарықтардың пайда болуынан, от тұтандыру үшін жанғыш және тез тұтанатын сұйықтықтарды пайдалану нәтижесінен, пеш ауызынан шоқтардың түсіп қалуынан орын алады.

Пешпен жылытуда қауіпсіз және ұзақ пайдалану үшін, келесі талаптарды есте сақтаған жөн: пеш және басқа да жылыту құрылғылары тұтанғыш заттардан алысырақ орналастыруы тиіс, сондай-ақ, пеш алдындағы еденге, көлемі 0,5х0,7м қаңылтыр оратылуы қажет. Жанып тұрған пешті бақылаусыз қалдырғаннан жиі өрттер болады. Қатты аяздарда пешті ұзақ пайдалану, оның жекелеген бөліктерінің қатты қызып кетуіне әкеп соқтырады. Егер осы қатты қызып кеткен бөліктері ағаш қабырғалар немесе жиһаздарға тиіп тұрса, өрттен қашып құтылу мүмкін емес. Сондықтан пешті күніне 2-3 рет, 1-1,5 сағаттан ғана жағу ұсынылады. Пешке жақын және тікелей оның

ӨРТТЕН АБАҰ БОЛЫҢЫЗДАР!



үстінде, тұтанғыш мүліктер мен материалдарды сақтауға, киім кептіруге болмайды.

Жылыту маусымы алдында, пештерді және түтін тарту жолдары жағдайының дұрыстығын тексеріп, ыстан тазалап, жарықтары болса, құм-саз сылағын жүргізіп, түтін мұржаларын өктеген жөн. Бөлме пештерінің түтін жолдарына жиналатын күйелерді, үш ай сайын тазалап тұрған жөн. Температураның төмендеуіне байланысты, электржылытқыш құрылғыларын қосу көбейе бастайды, тиісінше электр желісіне күш түседі. Жиі пайдалану салдарынан табиғи ескіруден, жоғары қуатта қолданылған электр желісінің қысқа тұйықталуы, өрттің шығуына әкелуі мүмкін. Сондықтан да өзіміздің және жақындарымыздың қауіпсіздігі үшін барлық талаптарды сақтау қажетті. Ең бастысы балаларды қараусыз қалдырмауларыңызды, қауіпсіздік ережелерін үнемі олардың естеріне салуларыңызды, төтенше жағдай орын алған кезде «101», «112» шұғыл қызметтердің телефон нөмірлерін жаттатуларыңызды сұранамыз.

Қателіктер қайталанып, өкініштен бармақ тістемейік десек, өрт қауіпсіздігі ережелерін бұлжытпай орындауға ықыласты болғанымыз жөн.

Азамат ҚАДЫРМОЛДАНОВ,
Ақсу ауданы ТЖБ аға инженері,
азаматтық қорғау лейтенанты.

1 НАУРЫЗ - АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ!

БАҚ ҚОНАР ӨЗІ ТАУЫП БАТАЛЫҒА

Бірлігіміз
Жарасқан!

Ақсу ауданында тұратын өзге ұлт өкілдерінің алғыс - тілектері!



Кезек бер, ал ағайын, бұл балаңа
Тілектен ел арнаған құр қалама
Арнауын ағайынға оқып берсін
Назар салып қойыңдар бір балаңа
Арнайы Ақсуымнан келгеннен соң
Төгейік Тоқандайын жырды ағам
Жақсы тілек егерде арнап берсек
Құш қуат болады ғой бұлда ағам

Ақсудан батырлар бар елге мәлім
Тауыспасыз айтсақта бүгін бәрін
Ілияс, Маман, Құдаш, Сараларым
Айта білген өлең жыр сөздің нәрін
Берібай, Барлыбектей бабаларым
Ойлағандар тынымсыз елдің қамын
Текті елдің топырағында туғанан соң
Жүрегінде ойнап тұрды отты жалын

Бесбайдың бір баласы Байбол еді
Байбол атам ел сыйлаған ердің ері
Анамызда алтын құрсақ ақылды жан
Ұрпақтарын жеткізіп талған белі
Сіз туғанда қалжаңызға қойын сойып
Елді жиып көп батасын алған еді
Қалимолдам азамат болса деген
Ата-ананың ең асқақ арманы еді
Қабыл болып бүгінде сол батасы
Бойыңызға құтпен бақ дарып еді

Жамал жеңем жолығып бағыңызға
Жылылық сыйлай білді жаныңызға
Үш ұл сыйлап Алланың қалауымен
Өсіп-өнді жан санымен малыңызда
Еңбегіңнің арқасында ел құрметпен
Абыройлы аға болдың маңыңызға

Бақ қонар өзі тауып баталыға
Үлгі болдың ісіңмен қатарыңа
Ие болдың Тоқан аға бүгінгі күн
Екі ауданың құрметтісі атағына
Жүзге жетсін жасыңыз әумин деңіз!
Қабыл болып бар тілек бата мына

Ербол ОРАЗБЕКОВ.

ҚАЗАҚСТАН - біздің Отанымыз!

Біздің елімізде қазіргі таңда 130-дан астам ұлттар мен ұлыстар мекендейді. Тарих көшінің белгілі бір кезеңінде тағдыр тауқыметін арқалап, солақай саясаттың құрбанына айналып, елімізге келіп қоныстанған ұлттар мен ұлыстар үшін қазақ жері киелі алтын бесікке айналды.

1 наурыз - Алғыс айту күні. Бұл күні сонау аумалы - төкпелі заманда пейілі кең, дархан қазақ даласына табан тіреген өзге ұлт өкілдері қазақ халқына, қазақстандықтарға өздерінің ыстық ықыласы мен алғысын білдіреді.

Бұл мерекенің біз үшін маңызы зор. Сондықтан, ұлтым орыс болса да, менің Отаным, туған жерім – Қазақстан және мен Қазақстанды ешбір байлыққа айырбастамаймын.

Биыл 130 жылдығын тойлағалы отырған Ілияс Жансүгіров дүниеге келген киелі Ақсу ауданы біз үшін құтты мекен.

Ұлтаралық татулық арқасында бүгінде ел тыныш, жұрт аман. Осы берекеміз бұзылмағай. Қазақстанда, оның ішінде Ақсу ауданында тұратын барша ұлт арасындағы айнымас достыққа сызат түспесе екен.

Людмила ЛЕОНТЕВА.

Көктемнің алғашқы күнімен тұспа - тұс келетін мерекеде Қазақстандағы өзге этнос өкілдері қиын - қыстау кезеңде құшақ жая қарсы алған кеңпейіл де қонақжай қазақ халқына алғыстарын айтып, қазақстандықтар бір - біріне құрмет көрсетіп, ризашылығын білдіреді.

Бұл күннің басқа мерекелерден ерекшелігі – өскелең ұрпақты достық, бір - біріне деген құрмет пен толеранттылыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу, Қазақстанда этникаралық келісім мен ұлтаралық қарым - қатынасты нығайту. Яғни, бұл күннің астарында қазақ халқының бауырмалдығы мен мейірімділігіне ризашылық білдіру жатыр.

Біздің аталарымыз бен әжелеріміз кезінде қазақстанға келгенде бұл жердің қонақжай халқы бір күлшесін бөлісіп, қиындықтан құтқарып қалғандығын білеміз. Біз ұлтымыз орыс болса да, осы елде туып, осы елде өскен қазақстандықтармыз. Бұл біздің туған өлкеміз, Отанымыз. Ендеше, Отанымызға деген махаббат ешқашан суымайды. Қазақстан халқына ризамыз. Алғыс айтамыз.

Мен туған ауылымның көркеюі үшін еңбек етіп келемін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын.

Марина ГАРМАШОВА.

Бізді бұрынғыдан да гөрі жақындастыра түспек. Бұл күн мейірімділіктің, бүкіл қазақстандықтардың бір-біріне деген достығы мен махаббатының жарқын мерекесі", - деген.

Барлығымызды жақындастыратын Ұлы мереке құтты болсын. Барлықтарыңызға шын жүректен алғысымды айтамыз.

Ауылымыздағы қоғамдық жұмыстарға атсалысып, көркеюіне күшімізді салып келеміз.

Алена ПРИСЯЖНЫХ,
орыс ұлтының өкілдері.

Ақсу аудандық емханасының 2 терапевттік участігінің медбикесі Баймұхамбет Жұлдыз Әбішқызына көктеммен бірге келетін Алғыс айту күнінде үлкен аналық рахметімді айтқым келеді.

Жұлдыз медицина мамандығын бітіріп, аудандық емханаға жұмысқа кіргеніне көп болған жоқ. Алайда, өзіне бекітілген учаскелердегі ауыл тұрғындарының барлығын танып алмаса да науқастанған жандардың жанына демеу болып келе жатыр.

Менің жолдасым марқұм Арғын Абсематов қиын ауруға шалдығып, ол науқастан Жұлдыз айықтырып жібермесе де қатты қиналғанда келіп, дәрі - дәрмектерімен де, жылы сөздерімен де күш беріп өмірін бір күнге ұзартып кеткендей болатын. Арғын Жұлдыз қызымызға өмірден өткенше риза болып, ақ батасын беріп кетті.

Енді өзіміз де ауыра қалсақ өзіміздің медбикемізді шақырамыз, соның алдына барамыз. Жұлдыздың жасаған барлық ісіне, еміне, әр кеңес, тілек және қолдауына, бізді түсінуі, үміт және сенім сыйлағаны үшін, қажетті уақытта бізбен бірге болғаны үшін рахмет. Жұлдыз қызымызға учаскедегі ел атынан шын жүректен алғыс айтамын және тек жақсылық тілеймін!

Торғын СТАНБЕКОВА,
емделуші.



● «Ақсу ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ЕРЕЖЕСІ жоғалуына байланысты жарамсыз деп саналсын. БСН 060240009794.

● В связи с утерей считать недействительным ПО-ЛОЖЕНИЕ государственного учреждения «Отдел жилищно-коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции Аксуского района» БИН 060240009794.

Жыл кітабын бірге оқиық!

Биылғы 2025 жылы "Бір ел-бір кітап" республикалық акциясы аясында ақын, жазушы, әдебиет сыншысы Тәкен Әлімқұлов пен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік әнұранының (мәтіні) авторы, көрнекті ақын, Қазақстан Жастар одағы сыйлығының иегері Жұмекен Нәжімеденовтың шығармаларын оқитын боламыз.

Акцияның мақсаты – қазақ әдебиетін насихаттау, қоғамның кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, Қазақстанның әдеби мұрасын зерттеуге мүмкіндік туғызу, өскелең ұрпақтың зияткерлік-рухани дамуы мен ана тіліне деген құрметін көтеру.

Барлыбек Сырттанов ауылдық кітапханасында "Жыл кітабын бірге оқиық!" атты кітап көрмесі ұйымдастырылып, кітапханашы Н.Аубакирова библиографиялық шолу жасады. Кітап көрмесінде жазушылардың әр жылдары түрлі баспаларда жарық көрген кітаптары қойылып, таныстырылды.

Т.Әлімқұловтың: «Ақбоз ат», «Тұлпардың тағдыры», «Музыкаль-ная душа», «Жұмбақ жан» таңдамалы шығармалары мен аудармалары, Ж.Нәжімеденовтің: Өлеңдер мен поэмалар, «Жүмекеннің жүрегі», «Менің Қазақстаным», «Аспан шақырады», «Даңқ пен дақпырт», Жұмекен Нәжімеденов туралы естеліктер мен шығармалар жинағы қойылды.

Ұлттық руханиятымызды дамытып, қазақ әдебиетін кеңінен насихаттау мақсатында баршаңызды акцияға белсене қатысып, Тәкен Әлімқұлов пен Жұмекен Нәжімеденовтың шығармаларын бірге оқуға шақырамыз!

Назира АУБАКИРОВА,
"AMANAT" партиясының мүшесі,
Б.Сырттанов ауылдық кітапханасының кітапханашысы.

● МҰРАГЕРЛІК

19.07.2024 жылы қайтыс болған Матембаев Турсынахмет Камзаевичтің атынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер нотариус А.М.Құндақбаеваға келуі керек. Мекен – жайы: Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Қабанбай батыр көшесі, №20 ғимарат. Тел.: 8-702-705-94-91.

"АҚСУ Өңірі"
Меншік иесі - ЖШС
"Ақсу өңірі" газеті"
Құрылтайшы, директор -
бас редакторы
ҚАСЫМБЕКОВА
ЛӘЗЗАТ
ҚАЛМҰХАМБЕТҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму Министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті 2015 жылғы 16 қараша айында есепке қойылды. Күзлік №15701-Г

Газет бетінде жарияланған мақалалар авторының пікірі редакция көзқарасы болып табылмайды. Мақалалар өңделеді, авторға қайтарылмайды. Жарнама, хабарландырулар, арнау, құттықтаулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Газет қазақ тілінде аптасына бір рет, жұма күні шығады.

БІЗДІң МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
Жетісу облысы, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5 "В", аудандық әкімшілік үйінде
Тапсырыс 488
Осы шығарылымның таралымы 2791

Директор - бас редактор - 2-12-90, жауапты хатшы - 2-12-90.
Электрондық пошта: aksuoniri@mail.ru
Газеттің ресми сайты aksuoniri.kz
Индекс: 66750
Офсеттік басылым көлемі 26 т.